

БЕКМАҒАМБЕТОВ Ш.,
филология ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Қ. ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Академик Қ. Жұбанов – арнайы тіл тарихына байланысты байыпты пікір айтқан алғашқы қазақ ғалымы деп айтуға толық негіз бар. Ғалымның «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөніндегі лекциялар», 1-кесек, «Қазақ тілінің фонетикасы» («Дыбыс жүйесі»), орыс тілінде жазылған «Қазақ тілі сөйлемдеріндегі сөздердің орын тәртібінің тарихынан» (Из истории порядка слов в казахском предложении), «Көмекші және күрделі етістіктер туралы» («Заметки о вспомогательных и сложных глаголах»), т.б. тіл тарихы мен этимологиясы, тілдің пайда болуы, тіл дыбыстары және олардың әлеуметтік табиғаты туралы келелі пікір айтқан еңбектерінің маңыздылығы қазіргі тіл білімі үшін де ерекше. Біз бұл шағын мақалада ғалымның, жалпы, тіл табиғатына, тіл дыбыстарының табиғатына қатысты кейбір көкейтесті ойларына тоқталып өтпекпіз. Академик Қ. Жұбанов еңбектеріне тән басты ерекшелік сол – автор қазақ тілі сөздерін тек түркі тілдері аясында ғана емес, орыс, қытай, кавказ тілдерінің деректерімен де байланыстыра қарайды. Бұл тұрғыдан келгенде, біз Қ. Жұбановтың мәселеге тіл атаулының негізі бір деген Ата тіл теориясы тұрғысынан келетінін көреміз және бұл қазір де құптарлық бағыт болып табылады. Еуразия құрылығындағы халықтар тілін бірнеше топқа бөліп, тіпте бүкіл өткен тарихында да, тарихқа дейінгі кезеңдерінде де егіз-қатар өмір сүріп келген халықтардың тілін бірнеше туыстық топтарға ажырата қарастырып, олардың арасында тек мәдени алмасудан өзге ештеңе жоқ деп көрсету қазіргі таңда белең алып отырғаны бекер емес. Осы себептен де, мысалы, түрколог ғалымдар мен үндіеуропа тілдерін зерттеуші ғалымдар бірінің шекарасына бірі көз салудан да қорқатын жағдайға келген. Олар аталмыш тілдердің арасына қытай қорғанын соғып, бірі мен бірін мүлде басқа, өзге планеталық тіл есебінде танытып отырған қазіргі жағдайда академик Қ.Жұбановтың аталмыш зерттеулерінің сол кездің өзінде көрегендік танытқанын айтпасқа болмайды.

Сөз реті келгенде, айта кеткен жөн болар, кезінде, мүмкін, жекелеген шағын құрамды тілдерді «туыстық» топтарға бөліп зерттеудің қажеті де, пайдасы да болған шығар, бірақ енді мәңгі бақи осы қолдан жсалған «туыстық шеңберлердің» ішінен шығып, алыстарға көз салатын кездің де жеткенін мойындау жөн деп білеміз. Жоғарыдағы Қ.Жұбанов тағылымы осыған меңзесе керек.